№ 1 өзгеріс **ҚР СТ 1863–2008 Жедел және арнайы қызмет автомобильдері, автобустары және мотоциклдері. Түсті графикалық сұлбалар, айырым белгілері, жазулар, арнайы жарықтық және дыбыстық белгілер. Жалпы талаптар**

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2012 жылғы 12 маусымдағы № 301-од бұйрығымен **бекітіліп қолданысқа енгізілген**

Енгізілген күні 2012-09-01

1 1 Бөлім сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«ж) Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтары».

2. 2 Бөлім:

ҚР СТ 1125-2003 «Жол белгілері. Жалпы техникалық шарттар» атауы, ҚР СТ 1125-2002 «Жол белгілері. Жалпы техникалық шарттар» атауына ауыстырылысын.

3 4.2.2 тармақша, 1 кестемен толықтырылсын:

- «*6 Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтары»* жолымен;

6 Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтары	*жоқ*[7)]	–	*Қорғаныс*[8)] *Алтын-сары*[8)]	*715, 744 285, 286*

- «[7)] *Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтарының негізгі түстері ретінде көлік құралын дайындаушы-кәсіпорынның бояу түсі қолданылады»* **сілтемесімен**;

gost.e-ecolog.ru

- «[8)] *Көлік құралдарының бүйір беттеріне, бір-біріне жанасқан, ені 120 мм қорғаныс (үстіңгісі) және алтын-сары (астыңғысы) әрлік жолақтары жүргізіледі*» **сілтемесімен**.

4 4.3.2 тармақшасы, бірінші абзацтың соңында, «В қосымшасына» сөзінен кейін сілтеме қойылсын: «[1)] *Жеке күзет ұйымдарының эмблемаларының бейнесі – регламенттелінбейді*».

5 4.3.2 тармақша, 2 кесте толықтырылсын:

- «*6 Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтары*» жолымен;


6 Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтары	*«КҮЗЕТ», жеке күзет ұйымдарының эмблемалары* [5)]

- «[5)] Көлік құралдарының *алдыңғы есіктеріне орналасытырылатын эмблемалардың бейнесі мен өлшемі, жеке күзет ұйымымен белгіленеді*» **сілтемесімен**.

6 4.3.4 тармақшасы «Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктің эмблемасы» сөзінен кейін «*және жеке күзет ұйымдарының эмблемалары*», ары қарай мәтін бойынша.

7 6.2.1 тармақшасы, бірінші абзац жаңа басылымда баяндалсын: «*Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтарынан басқа, жедел қызмет көлік құралдарының барлық түрлерінің жалтыл жарықтары, көк түсті болу керек. Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтарының жалтыл жарықтары сары немесе қызғылт-сары түсті болу керек*».

8 А қосымшасы А.36 суретімен толықтырылсын – Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтарының түстіграфикалық сұлбасы.



А.36 суреті - Жеке күзет ұйымдарының жедел қимылдау мобильді топтарының түстіграфикалық сұлбасы

9 Д қосымшасы, Д.1 Тармағы Колориметриялық спецификациялар, жаңа басылымда баяндалсын:

«Өзінше жалтыл жарықтың қалпақтарын құрайтын, көк сүзгі арқылы өтетін, арнайы жарықтық белгілердің түстік координаттары шектерден тыс шықпауы керек :

Көк:

- жасыл жаққа шек: y = 0,065 + 0,805 x;

- ақ жаққа шек: y = 0,400 – x;

- қызыл күрең жаққа шек: x = 1,667 x – 0,222.

Қызыл:

- қызыл күрең жаққа шек: y≥0,980 – x;

- сары жаққа шек: y≤0,335.»

Қызғылт сары және сары:

- жасыл жаққа шек: y≤x – 0,120;

- қызыл жаққа шек: y≥0,390;

- ақ жаққа шек: y≥0,790 – 0,670 x»;

10 Д қосымшасы, Д.2.1 тармақшасы, Д.1 кестесі жаңа басылымда баяндалсын:

Түс	*Бастапқы өсін айнала 360° көлденең бұрыштардың және тіке бұрыштардың шегінде көрсетілген J_e жарықтың тиімді күшінің мнималды мәні*						*Жарықтың тиімді күшінің J_e максималды мәні*					
	0°		*±4°*		*±8°*		*Ішінде ±2°*		*Ішінде ±8°*		*бұрындары көрсетілген аймақтар шегінен тыс*	
	күндіз	*түнде*	*күндіз*	*түнде*	*күндіз*	*түнде*	*күндіз*	*түнде*	*күндіз*	*түнде*	*күндіз*	*түнде*
көк	*120*	*50*	*60*	*25*	—	—	*1700*	*700*	*1500*	*600*	*1000*	*300*
қызғылт сары немесе сары	*230*	*100*	—	—	*170*	*70*						
қызыл	*120*	*50*	*60*	*25*	—	—						

12 Д қосымшасы, Д.2.2 тармақшасы, Д.2 кестесі жаңа басылымда баяндалсын:

Түс	*Бастапқы өстегі J_e жарық тиімді күшінің минималды мәні*		*J_e жарықтың тиімді күшінің максималды мәні*					
	$H = 0°$	*$V = 0°$*	*Ішінде $H = \pm 10°$ $V = \pm 4°$*		*Ішінде $H = \pm 20°$ $V = \pm 8°$*		*бұрындары көрсетілген аймақтар шегінен тыс*	
	күндіз	*түнде*	*күндіз*	*түнде*	*күндіз*	*түнде*	*күндіз*	*түнде*
көк	*200*	*100*	*3000*	*1500*	*1500*	*600*	*1000*	*300*
қызғылт сары немесе сары	*400*	*200*	*1500*	*600*	*1500*	*600*	*1000*	*300*
қызыл	*200*	*100*	*3000*	*1500*	*1500*	*600*	*1000*	*300*

(САС № 8-2012ж)

Изменение № 1 **к СТ РК 1863-2008 Автомобили, автобусы и мотоциклы оперативных и специальных служб. Цветографические схемы, опознавательные знаки, надписи, специальные световые и звуковые сигналы. Общие требования**

Утверждено и введено в действие Приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 12 июня 2012 № 301-од.

Дата введения 2012-09-01

1 Раздел 1 дополнить абзацем восьмым:

«ж) Мобильных групп оперативного реагирования частных охранных организаций».

2. Раздел 2:

СТ РК 1125-2003 «Знаки дорожные. Общие технические условия» заменить на СТ РК 1125-2002 «Знаки дорожные. Общие технические условия».

3 Подпункт 4.2.2, Таблицу 1 дополнить:

- строкой «*6 Мобильные группы оперативного реагирования частных охранных организаций»;*

6 Мобильные группы оперативного реагирования частных охранных организаций	*нет*[7)]	–	*Защитный*[8)] *Золотисто-желтый*[8)]	*715, 744 285, 286*

- сноской *«*[7)] *В качестве основного цвета транспортных средств мобильных групп оперативного реагирования частных охранных организаций используется цвет окраски предприятий-изготовителей транспортных средств»;*

- сноской «[8] *На боковые поверхности транспортных средств наносятся прилегающие друг к другу декоративные полосы защитного (сверху) и золотисто-желтого (снизу) цветов шириной по 120 мм каждая*».

4 Подпункт 4.3.2, в конце первого абзаца, после слов «приложению В» вставить сноску: «[1] *Изображения эмблем частных охранных организаций – не регламентируются*».

5 Подпункт 4.3.2, Таблицу 2 дополнить:

- строкой «*6 Мобильные группы оперативного реагирования частных охранных организаций*»;

6 Мобильные группы оперативного реагирования частных охранных организаций	*«КҮЗЕТ», эмблема частной охранной организации* [5]

- сноской «[5] *Изображение и размеры эмблемы, наносимой на передние двери транспортных средств, определяются частной охранной организацией*»

6 Подпункт 4.3.4 после слов «эмблемы Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан» дополнить словами «*и эмблем частных охранных организаций*», далее по тексту.

7 Подпункт 6.2.1, первый абзац изложить в новой редакции: «*Проблесковые огни транспортных средств оперативных служб всех видов, кроме мобильных групп оперативного реагирования частных охранных организаций, должны быть синего цвета. Проблесковые огни транспортных средств мобильных групп оперативного реагирования частных охранных организаций должны быть желтого или оранжевого цвета*».

8 Приложение А дополнить Рисунком А.36 – Цветографические схемы автомобилей мобильных групп оперативного реагирования частных охранных организаций.




Рисунок А.36 - Цветографические схемы автомобилей мобильных групп оперативного реагирования частных охранных организаций

9 Приложение Д, Пункт Д.1 Колориметрические спецификации, изложить в новой редакции:

«Координаты цветности специальных световых сигналов, проходящих через фильтры, представляющие собой колпаки проблесковых огней не должны выходить за пределы:

Синий:

- предел в сторону зеленого: y = 0,065 + 0,805 x;

- предел в сторону белого: y = 0,400 – x;

- предел в сторону фиолетового: x = 1,667 x – 0,222.

Красный:

- предел в сторону фиолетового: y≥0,980 – x;

- предел в сторону желтого: y≤0,335.»

Оранжевый или желтый:

- предел в сторону зеленого: y≤x – 0,120;

- предел в сторону красного: y≥0,390;

- предел в сторону белого: y≥0,790 – 0,670 x»;

10 Приложение Д, подпункт Д.2.1, изложить Таблицу Д.1 в новой редакции:

Цвет	*Минимальное значение эффективной силы света J_e в пределах указанных вертикальных углов и горизонтального угла в 360° вокруг исходной оси*						*Максимальное значение эффективной силы света J_e*					
	0°		*±4°*		*±8°*		*Внутри ±2°*		*Внутри ±8°*		*за пределами указанных ранее зон*	
	днем	*ночью*	*днем*	*ночью*	*днем*	*ночью*	*днем*	*ночью*	*днем*	*ночью*	*днем*	*ночью*
синий	*120*	*50*	*60*	*25*	—	—	*1700*	*700*	*1500*	*600*	*1000*	*300*
оранжевый или желтый	*230*	*100*	—	—	*170*	*70*						
красный	*120*	*50*	*60*	*25*	—	—						

11 Приложение Д, подпункт Д.2.2, изложить Таблицу Д.2 в новой редакции:

Цвет	*Минимальное значение эффективной силы света J_e на исходной оси*		*Максимальное значение эффективной силы света J_e*					
	H = 0°	*V = 0°*	*внутри H = ± 10° V = ± 4°*		*внутри H = ± 20° V = ± 8°*		*за пределами указанных ранее зон*	
	днем	*ночью*	*днем*	*ночью*	*днем*	*ночью*	*днем*	*ночью*
синий	*200*	*100*	*3000*	*1500*	*1500*	*600*	*1000*	*300*
оранжевый или желтый	*400*	*200*	*1500*	*600*	*1500*	*600*	*1000*	*300*
красный	*200*	*100*	*3000*	*1500*	*1500*	*600*	*1000*	*300*

(ИУС № 8-2012г.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Жедел және арнайы қызмет автомобильдері, автобустары және мотоциклдері ТҮСТІ ГРАФИКАЛЫҚ СҰЛБАЛАР, АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ, ЖАЗУЛАР, АРНАЙЫ ЖАРЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ДЫБЫСТЫҚ БЕЛГІЛЕР Жалпы талаптар

Автомобили, автобусы и мотоциклы оперативных и специальных служб ЦВЕТОГРАФИЧЕСКИЕ СХЕМЫ, ОПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ЗНАКИ, НАДПИСИ, СПЕЦИАЛЬНЫЕ СВЕТОВЫЕ И ЗВУКОВЫЕ СИГНАЛЫ Общие требования

ҚР СТ 1863-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

**Жедел және арнайы қызмет автомобильдері,
автобустары және мотоциклдері**

ТҮСТІ ГРАФИКАЛЫҚ СҰЛБАЛАР, АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ, ЖАЗУЛАР, АРНАЙЫ ЖАРЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ДЫБЫСТЫҚ БЕЛГІЛЕР

Жалпы талаптар

ҚР СТ 1863-2008

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Көлік және коммуникация ғылыми зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («ККҒЗИ» ЖШС) **ӘЗІРЛЕДІ**

2 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік-коммуникация кешенін дамыту департаменті **ЕНГІЗДІ**

3 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2008 жылғы 30 желтоқсанындағы № 673-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

4 Осы стандарт Ресей Федерациясының ГОСТ Р 50574-2002 «Жедел және арнайы қызметтер автомобильдері, автобустар және мотоциклдер. Түсті графикалық сұлбалар, айырым белгілер, жазулар, арнайы жарықтық және дыбыстық белгілер. Жалпы талаптар» аймақтық стандартына қатысты оның құрамын өзгерту, қосымша талаптарды, жеке техникалық ауытқуларды және Қазақстан Республикасының сәйкестікті растау жүйесінің ерекшеліктерін айқындайтын, жеке жедел қызметтердің көлік құралына түсті графикалық сұлбаларды жүргізу мен мемлекеттік тілдің және рәміздердің ерекшелігіне редакциялық өзгертулерді енгізу арқылы, және де кіріспеде берілген ақпарат бойынша, БҰҰ ЕЭК №65 «Автокөлік құралдары үшін арнайы ескертетін жарықтарды ресми бекітуге қатысты, біркелкі ұйғарым» және «Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентімен үйлестіру мақсатында түрлендірілген болып табылады.

Осы стандарттың құрамын көрсетілген Ресей Федерациясының аймақтық стандартының құрамымен салыстыру Ж қосымшасында келтірілген.

5 Осы стандартта «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» № 29-1 Қазақстан Республикасының Заңының; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қараша № 1650 қаулысының (1 Қосымша «Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережесі»; Қазақстан Республикасы 19.12.2002 ж № 1329 қаулысының («Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір сұрақтары») нормалары жүзеге асырылған.

6 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2013 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

7 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгертулер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал мәтін өзгертулері – ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланады. Осы стандартты қайтара қарастыру (жою) немесе ауыстыру жағдайында сәйкес ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде жартылай немесе толықтай шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы 1

2 Нормативтік сілтемелер 2

3 Терминдер және анықтамалар 2

4 Түсті графикалық сұлбаларға қойылатын талаптар 4

5 Жабындарға қойылатын талаптар 8

6 Арнайы жарықтық және дыбыстық белгілерге қойылатын талаптар 9

А қосымшасы (міндетті) Жедел қызметтердің көлік құралының түсті графикалық сұлбалары 12

Б қосымшасы (анықтамалық) Жарық қайтарушы материалдардың пішініне, өлшеміне, колориметриялық және фотометриялық қасиеттеріне қатысты техникалық сипаттамалар 47

В қосымшасы (міндетті) Эмблемалар 50

Г қосымшасы (міндетті) Жазулар мен сандардың қаріптері 53

Д қосымшасы (міндетті) Арнайы жарық белгілерінің колориметриялық және фотометриялық спецификациялары 55

Е қосымшасы (міндетті) Ксенонның қатынасты спектрлі таралуы 59

Ж қосымшасы (анықтамалық) Осы стандарттың құрамын осында қолданылған аймақтық стандарттың құрамымен салыстыру 60

Кіріспе

Осы стандарт Ресей Федерациясының ГОСТ Р 50574-2002 «Жедел және арнайы қызмет автомобильдері, автобустар және мотоциклдер. Түсті графикалық сұлбалар, айырым белгілері, жазулары, арнайы жарықтық және дыбыстық белгілер. Жалпы талаптар» мемлекеттік стандартқа қатысты үйлестірілген:

- стандарттың және көлік құралдарының түсті графикалық сұлбаларының (Өртке қарсы және апат қызметтерінің, төтенше жағдайлар министрлігі), арнайы жарық белгілерінің жеке элементтерінің терминдеріне, құрамына, өлшеміне қолдануына байланысты, жеке талаптардың құрамына;

- Өлшеу құралы ретінде (№ KZ.02.03.02721-2008/26310-04 кодымен, Қазақстан Республикасының өлшеу құралдарында мемлекеттік тізілімінде тіркелген) «Лак-бояу материалдардың түс үлгілерінің картотекасы» (№ RU.E.37.003A №16874 сертификат нөмірімен, өлшеу құралы ретінде №26310-04 кодымен, Ресей Федерациясының өлшеу құралдарында мемлекеттік тізілімінде тіркелген) түсті графикалық сұлбаларды құрайтын, түстерді сәйкестендіру үшін қолдану;

Осы стандарттың 3.5; 3.6; 3.11; 3.12; 3.15; 3.15.1-3.15.3; 3.16; 3.20; 3.21; 6.2; 6.2.1; 6.2.2; 6.3; 6.3.1-6.3.4, және де Д және Е қосымша талаптары, арнайы жарықтық белгілердің сипаттамаларына және сынақ шарттарына, талаптарды белгілейтін БҰҰ ЕЭК № 65 «Автокөлік құралдары үшін арнайы ескертетін жарықтарды ресми бекітуге қатысты, біркелкі ұйғарым» (ары қарай – БҰҰ ЕЭК №65) 1; 7 бөлімдерімен, 5.6; 5.7 тармақтарымен, 3-6 қосымшаларымен үйлестірілген.

Осы стандартты үйлестіру үшін аймақтық деңгейде онда Ресей Федерациясының ГОСТ Р 50574 мемлекеттік стандартының 1-6 бөлімдері, ал халықаралық деңгейде – арнайы жарықтық белгілердің сипаттамаларына және сынақ шарттарына, талаптарды белгілейтін БҰҰ ЕЭК №65 Ережесіне сәйкес, талаптарды құрайтын бөлімдер қолданылған.

Осы стандарт ГОСТ Р 50574-2002 1-6 бөлімдердің оның құрамын өзгерту, қосымша талаптарды, жеке техникалық ауытқуларды және редакциялық өзгертулерді енгізу арқылы қолдануға байланысты түрлендірілген:

- 1 бөлімі «Қолданылу саласы» Қазақстан Республикасының жедел қызметтердің тізімін белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қараша № 1650 қаулысының (1 Қосымша «Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережесі»; Қазақстан Республикасы 19.12.2002 ж № 1329 қаулысының («Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір сұрақтары») есебімен түзетілген;

- 2 бөлімі «Нормативтік сілтемелер» Қазақстан Республикасында қолданыстағы өзара байланысқан стандарттардың, сонда жекеше жедел қызметтердің көлік құралында айырым белгілерінің мәтінінде қазақ

алфавитінің ерекше әріптерін дұрыс жазылуын қамтамасыз ету мақсатында 4.3.6; 4.3.7 тармақтары сілтеме жасайтын Қазақстан Республикасының ҚР СТ 1125-2003 «Жол белгілері. Жалпы техникалық шарттар» есебімен түзетілген;

- 3 бөлімнің «Терминдер және анықтамалар» терминологиялық баптары ГОСТ Р 50574-2002 3 бөлімнің «Анықтамалар» терминологиялық баптарына ұқсастығына байланысты терминнің мәнін түсінуді ұлғайту үшін арналған, редакциялық және стилистикалық ауытқуларды енгізу арқылы түзетілген. Жекеше 3.7 терминінде «Түсті графикалық сұлбалардың қарама-қарсы түстері» «Сәндік жолақ түстері» сөздері «көлік құралының сыртының және сәндік жолақ түстері» сөздерімен ауыстырылған, себебі қарама-қарсы түс тек сәндік жолақтармен ғана емес, ол және жеке сырттармен ұсынылуы болуы мүмкін. Бөлім БҰҰ ЕЭК №65 Ережесімен үйлестірілген, арнайы жарық белгілерін сипаттамаларына және оларды сынау шартының талаптарын түсіну үшін қажет, жаңа терминдермен (3.5; 3.6; 3.11; 3.12; 3.15; 3.15.1-3.15.3; 3.16; 3.20; 3.21 тармақтарын көру) толықтырылған;

- 4.1 бөлігі «Түсті графикалық сұлбалар құрамы» белгілі түсті графикалық сұлбалар белгіленбейтін, жедел қызметтерді дәлелдейтін, 4.4.1 тармағымен және жедел қызметтердің көлік құралының сыртқы беттерінде жарнамалы және басқа да, олардың мазмұнына сәйкестігіне қатынасы жоқ, жазулар және суреттерді қолдануды тиым салатын, 4.1.2 тармағымен толықтырылған.

- 4.2 бөлігінің «Негізгі, қарама-қарсы, сәндік жолақтардың түстері» 1-кестесі Қазақстан Республикасының жедел қызметтерінің құрамының және оларға тиесілі көлік құралдарын ішкі істер министрлігінде, Қарулы Күштерде, Төтенше жағдайлар министрлігінде қолданатынына сәйкес түпкі түсті графикалық негізгі және қарама-қарсы түстермен белгілеу үшін қолдануы есебімен түзетілген;

- 4.2.3 тармағында сәндік жолақты жүргізу кезінде қолдануы мүмкін, жарық қайтарушы материалдарға қолдануына қатысты дәлдеулер енгізілген. Сәйкес колориметриялық және фотометриялық сипаттамалар Б анықтамалық қосымшасында көрсетілген;

- 4.3.2 тармағы Қазақстан Республикасының жедел қызметтердің жазулардың және Қазақстан Республикасы Заңының талаптары есебімен ГОСТ Р 50574 4.3.4 тармағына сәйкес қатысты түзетілген;

- айырым белгілерді, жазуларды және эмблемаларды жүргізу кезінде жарық қайтарушы материалдар қолданылуы мүмкін болуы бойынша, 4.3.3 жаңа тармақ енгізілді;

- 5.2.2 тармағы эмалдың түйісу (контурының) сызығының түзулігі және нақтылы критерий айқындайтын, талаппен толықтырылған;

- 6 бөлімі «Арнайы жарықтық және дыбыстық белгілерге қойылатын талаптар» БҰҰ ЕЭК №65 Ережесіне сәйкес, арнайы жарық белгілердің негізгі сипаттамаларына қатысты үйлестік талаптарды белгілейтін 6.2 бөлігімен «Арнайы жарықтық белгілердің колориметриялық

спецификациялары» және 6.3 бөлігімен «Арнайы жарықтық белгілердің фотометриялық спецификациялары» толықтырылған;

- стандарт БҰҰ ЕЭК №65 Ережесімен үйлестірілген, арнайы жарық белгілердің сипаттамаларын және сынау шартына сәйкес мәндерді белгілейтін, 6.2 және 6.3 бөліктерімен байланысқан, Д және Е қосымшаларымен толықтырылған;

- осы стандартқа әзірлеушімен енгізілген түзетілген, толтырылған, өзгертілген мәтін, немесе жаңа мәтіндерді, құрайтын бөлімдер, бөліктер, тармақтар және тармақшалар, ГОСТ Р 50574 қатысты 1; 2; 3.5; 3.6; 3.11; 3.12; 3.15.1-3.15.3; 3.16; 3.20; 3.21; 4.1.1; 4.1.3; 4.1.6; 4.2.1-4.2.3; 4.3.2; 4.3.3; 4.3.6; 4.3.7; 5.2.2; 5.2.4; 6.2; 6.2.1; 6.2.2; 6.3; 6.3.1-6.3.4; А қосымша; Б қосымша; В қосымша; Г қосымша; Д қосымша; Е қосымша талаптары көлбеу қаріппен ажыратылған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Жедел және арнайы қызмет автомобильдері, автобустары және мотоциклдері

ТҮСТІ ГРАФИКАЛЫҚ СҰЛБАЛАР, АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕР, ЖАЗУЛАР, АРНАЙЫ ЖАРЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ДЫБЫСТЫҚ БЕЛГІЛЕР

Жалпы талаптар

Енгізілу күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жедел және арнайы қызметтердің автомобильдеріне, автобустарына және мотоциклдеріне (бұдан әрі – көлік құралы) таралады:

а) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

б) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері;

в) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;

г) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

д) техногенді және табиғи апаттың, сұрапыл, апаттың және төтенше жағдайлардың зардабын алдын алу және жою бойынша жұмыс жүргізетін, әртүрлі кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер;

е) Қазақстан Республикасы Президентін қорғау қызметі, арнайы жарықтық және дыбыстық белгілерін қолдануға байланысты бөліктерде, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті.

Қазақстан Республикасы Президентін қорғау қызметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жедел қызметтерінің, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің көлік құралдары айырым белгілері мен жазулары, арнайы түсті графикалық бояу болмауы мүмкін.

Осы стандарт көлік құралында түсті графикалық сұлбаларды, айырым белгілерін және жазуларының барына, құрамына және орналасуына жалпы талаптарды және де арнайы жарықтық және дыбыстық белгілерге техникалық талаптарды, қолдану тәртібін белгілейді.

Осы стандартпен белгіленген түсті графикалық сұлбаларды, Қазақстан Республикасы жедел және арнайы қызметтерінің тізіміне кірмейтін көлік құралдарында арнайы жарықтық және дыбыстық белгілерді қолдануға рұқсат етілмейді.

Стандарт Қазақстан Республикасында ортақ қолданатын автомобиль жолдарында пайдалану үшін арналмаған, көлік құралдары үшін қолданылмайды.

Стандарт талаптары көлік ағынында жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдарын, олардың шұғыл тапсырмаларды орындау кезінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін айыруға және сәйкестендіруге және олардың түстік дайындалуын сәйкестендіруге арналған.

Стандарт талаптары міндетті болып табылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер қолданылды:

ҚР СТ 1125-2003 Жол белгілері. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 9.032-74 Жегіден және тозудан қорғаудың біркелкі жүйесі. Лак-бояу жабыны. Топтар, техникалық талаптар және белгілер.

ГОСТ 19715-74 Қызыл Крест эмблемасы. Пішіні, өлшемі және қолдану тәртібі

ГОСТ 12.3.005-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Бояу жұмыстары. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

Ескертпе – Осы стандартпен сілтеме стандарттарды қолданған кезде, ағымдағы жылдың қаңтарының күйі бойынша құрылған «Ұлттық стандарттардың» көрсеткіштері бойынша мақсатқа сәйкестігін тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартқа қолданар кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты негізге алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылған болса, онда оған осы сілтеме берілген тармақ, осы сілтемені қозғамайтын бөлімінде қолданылады.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта мынадай терминдер сәйкес анықтамаларымен қолданылған:

3.1 **Жарықтандырылу көлемі**: Жарық көзінің шамдану уақытына (с) жарық күшінің (кд) туындысы.

3.2 **Сәндік жолақтар:** Көлік құралын лезде көзбен байқауды және оны ортақ көлік ағынынан ажыратуды қамтамасыздандыратын, ерекшелігінің нышаны болып табылатын, бүйір және басқа беттеріне жүргізілген, көлік құралының негізгі түсіне қатысты қарама-қарсы түсті көлденең жолақтар.

3.3 **Толқынның үстем ұзындығы:** Энергияның спектрлі таралу қисығының ауырлық ортасында орналасқан, толқын ұзындығы.

3.4 **Ақпараттық жазулар:** Көлік құралының мекеме қатарына жататыны және/немесе атқарымдық міндеті туралы мәтінді ақпараты бар жазулар.

*3.5 **Арнайы жарықтық белгінің бастапқы өсі:***

- айналатын немесе қозғалмайтын жарық жалтылдары (Т санаты) жағдайында жарықтың бастапқы ортасы арқылы өтетін, тігінен өсі;

- бағытталған жарық жалтылдары (Х санаты) жағдайында көлік құралының орта көлденең жазықтығына параллель, көлденең өсі;

Арнайы жарықтық белгіні зауыт-жасаушы оның бастапқы өске қатысты жағдайын көрсетеді.

*3.6 **Арнайы жарықтық белгінің бастапқы ортасы:***

- айналатын немесе қозғалмайтын жарық жалтылдары (Т санаты) жағдайында жарық көзінің ортасы;

- бағытталған жарық жалтылдары (Х санаты) жағдайында жарық шығаратын, сыртқы бетпен бастапқы өстің қиылысуы; ол арнайы ескертетін жарықтың зауыт-жасаушысымен көрсетіледі. Бұндай көрсету жоқтығында оның астарында жарық көзінің ортасы тұспалданады.

3.7 **Түсті графикалық сұлбалардың қарама-қарсы түстері:** Көлік құралының негізгі түсінен үш қабылдау параметрімен: түстік өңімен, қаныққан және ақшылдығымен, ерекшеленетін, *көлік құралының* және сәндік жолақ *беттерінің* түстері.

3.8 **Қаныққандығы:** Толық түстік түйсінуден тұратын, таза хромдық (спектральді немесе қызыл күреңді) түстің сайма-сайлығын бағалауына ерік беретін, адам көзінің қабылдау қасиеті.

3.9 **Айырым белгілер:** Көлік құралының мекеме қатарына жататыны және/немесе функциональды міндеті туралы ақпараттандыратын, ақпараттың графикалық бейнесі; айырым белгілерге гербтер, эмблемалар, логотиптер және т. б. жатады.

3.10 **Түсті графикалық сұлбаның негізгі түсі:** Көлік құралының сыртқы бетінің ең көп ауданың алатын, жабын түсі.

3.11 ***t_H с қимасының ұзақтығы:*** *J_m максимальды мәнінен оннан бір бөлігінен асатын арнайы жарықтық белгінің жарқ етуінің жарық күші ішіндегі, уақыттың кезеңі.*

3.12 ***t_D, с жыпылықтауының ұзақтығы:*** *J_m максимальды мәнінен (мәнінің шынынан) аз дегенде 1/100, бірақ көп дегенде 10 кд құрайтын арнайы жарықтық белгінің жарқ етуінің жарық күші ішіндегі, уақыттың кезеңі. Жарқ ету топтары үшін жыпылықтауының ұзақтығы бір топтың соңғы жарқ етуден келесі топтың бірінші жарқ етуге дейін анықталады.*

3.13 **Ашықтығы**: дене өткізетін немесе оған түсетін жарықтың едәуір бөлігін азды-көпті жайылуы елестейтін салдардан, көз түйсіну қасиеті; психофизиологиялықта бұл қасиет фотометриялық мәніне – жарықтық коэффициентіне жақын.

3.14 **Арнайы дыбыстық белгі:** Арнайы дыбыстық белгілердің анықталған спектральды құрамы жол қозғалысы шартында белгі беру үшін арналған, құрылғы; құрылғы көлік құралының конструкциясына дыбыстық белгі ретінде штатты құрама элемент болып табылмайды, дыбыстардың шығуы одан спектральды құрамымен ерекшеленеді, және көлік құралына қосымша арнайы рұқсатпен орнатылады.

3.15 **Арнайы жарықтық белгі (жалтыл жарық):** Жалтыл жарық белгілердің орнатылған түстерді, жыпылықтау жиілігін және жарықтандыру ұзақтығын жол қозғалысы шартында белгі беру үшін арналған құрылғы; құрылғы көлік құралының конструкциясына сыртқы жарық аспабы ретінде штатты құрама элемент болып табылмайды және оған қосымша арнайы рұқсатпен орнатылады.

3.15.1 ***Бұрылатын немесе қозғалмайтын жалтыл жарық:*** *өзінің тік өсінен (Т санаты) барлық жақтарға үзік-үзік жарық шығаратын, арнайы жарықтық белгі;*

3.15.2 ***Бағытталған жалтыл жарық:*** *шектелген бұрыштық аймақта (Х санаты) үзік-үзік жарық шығаратын, арнайы жарықтық белгі;*

3.15.3 ***Толық орнату:*** *өзінің тік өсінен барлық жақтарға үзік-үзік жарық шығаратын, арнайы жарықтық белгі;*

3.16 ***Әртүрлі типтердің арнайы жарықтық белгісі:*** *мына тұрғылар бойынша қомақты айырмашылығы бар, жалтыл жарықтар:*

- түсті қалпақтың өлшемі және пішіні;

- оптикалық жүйесі;

- сәуле сипаты (мысалы, айналатын немесе қозғалмайтын жалтыл);

- сыртқа шығаратын жарық түсі;

- жарық көзі;

- жарық көзінің модулі;

- арнайы жарықтық белгінің жарық күші деңгейінің саны: бір деңгей (1 дәреже) немесе екі деңгей (2 дәреже).

3.17 **Көру бұрышы**: ол орнатылған жерде, көлік құралының бөлшектерімен экрандалмайтын, жалтыл маякпен берілетін, жарықтық белгі шегінде, сәулелену көзінің ортасы арқылы өтетін, көлденең жазықтықтағы бұрыш.

3.18 **Түстік өң:** Сөзбен анықталатын, адамның көзбен түйсінетін қасиеті: «көк», «жасыл», «сары» және т.б.; психофизиологиялықта бұл қасиет толқының үстем ұзақтығының – колориметриялық мәніне жақын.

3.19 **Түсті графикалық сұлба:** Көлік құралының сыртқы бетіне жүргізілген, негізгі түсінің, сәндік жолақтың, айырым белгілерінің және ақпараттық жазулардың тұтастыру, кескін үйлесімі және композициялық, өзара байланысты графикалық бейнесі.

3.20 ***Жиілік f, Гц****: бір секунд ішіндегі арнайы жарықтық белгінің жарқ ету немесе жарқ ету тобының саны.*

3.21 ***Жарықтың тиімді күші*** J_e*, кд: анықталған бағытта өлшенген, айналатын және орнықты жалтыл жарық үшін, төмендегі формула бойынша анықталады*

$$J_e = \frac{J_m}{1+\frac{C}{F \cdot T}}, \qquad (1)$$

мұнда J_m *– жарықтың максимальды күші, кд;*

C – уақытша тұрақты; C = 0,2 с;

T – кезеңдер, с;

F – «пішінмен анықталатын фактор»

$$F = \frac{\int_0^t J_{dt}}{J_m \cdot T} \qquad (2)$$

мұнда J – жарықтың лезде күші, кд.

4 Түсті графикалық сұлбаларға қойылатын талаптар

4.1 Түсті графикалық сұлбалардың құрамы

4.1.1 Қазақстан Республикасы Президентін қорғау қызметтері және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жедел қызметтері көлік құралдарында беттің жабын түсі, түсті графикалық сұлбалары және жазулары – регламенттелмейді.

4.1.2 Жедел және арнайы қызметтері көлік құралдарының сыртқы беттерінде олардың сәйкестігіне қатынасы жоқ жарнамалық жазулар және суреттер мен басқалар болуына жол берілмейді.

4.1.3 Жедел қызмет көлік құралдарының сыртқы беттеріндегі түсті графикалық сұлбалар мына элементтерден:

а) көлік құралының сыртқы беттерінің негізгі түсінен;

б) *көлік құралының сыртқы беттерінің қарама-қарсы түсінен немесе* сәндік жолақтан;

в) ақпараттық жазулардан;

г) айырым белгілерінен құралады.

4.1.4 Жедел қызмет көлік құралдарының түсті графикалық сұлбалары А қосымшасындағы суреттерге сәйкес келуі керек.

Ескертпе – А қосымшасындағы көлік құралдары (олардың маркалары мен модельдерін қоса) таралуы және барлық шанақтардың типін есебімен қағидатты түрде шартты суреттелген.

4.1.5 Көлік құралының оң және сол жағына түрі, түсі, өлшемі және орналасуы бойынша бірдей түсті графикалық сұлбалар жүргізеді.

4.1.6 Жүріс бөлігінің жақтауы және бөлшектері, қауіпсіздіктің алдыңғы және артқы аралымдары (өрт сөндіру көлік құралдарынан басқасы), кабина басқышы, дөңгелек дискілері, шанақтың қосымша жабдығының элементтері (артты көру айналары, тұманға қарсы фаралардың, шамдардың және прожекторлардың кронштейндері және тұрқылары) шассиді немесе осы бұйымдарды, жасаған көлік құралын кәсіпорын-жасаушысы, жабыныңдай болуы мүмкін.

Ескертпе

1 Ағаштан немесе шыны - пластикадан жасалған, беттерден басқа, гальваникалық жабыны бар, және де алюминий және мыс құймаларынан немесе бейметалл материалдардан (резеңке, шыны, пластмасса, брезент және т.б.) жасалған, , бөлшектерге түсті графикалық сұлбаларды жүргізбеу рұқсат етіледі.

2 Көлік құралының радиатор торына және қауіпсіздік аралымдарына орнатылған, жабдықтардың элементтеріне сәндік жолақтарды жүргізбеу рұқсат етіледі.

4.2 Негізгі, қарама-қарсы, сәндік жолақтардың түстері

4.2.1 Жедел қызметтер көлік құралдарының сыртқы бетінің жабынының негізгі *және қарама-қарсы түстері* 1-кестеде көрсетілгендерге сәйкес келуі керек.

4.2.2 Негізгі және қарама-қарсы түстердің үйлесуі осы жедел қызмет түрі үшін 1 кестеде көрсетілгеннің кез келгені болуы мүмкін, бірақ бір көлік құралының барлық боялатын элементтері бірдей болуы керек.

1-кесте – Жедел қызметтер көлік құралдарының сыртқы бетінің жабын түстері

Жедел қызмет түрі	*Негізгі түс*		*Қарама-қарсы түс*	
	Түстің аты	*Түстің нормасы*[1)]	*Түстің аты*	*Түстің нормасы*[1)]
1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:				
- жол полициясы, полиция, патрульдік полиция, жылжымалы криминалистикалық зертхана және ішкі істер мекемесінің басқа көлік құралдары[2)]	*Ақ* *Ашық-сұр* *«Ақ түн»* *Күмістей*	*жоқ*[3)] *505, 513* *858, 859* *жоқ*[3)]	*Ашық көгілдір* *Шық көгілдір* *Көгілдір451* *Көгілдір451*	*404,407* *404,407* *451,452* *451,452*
2 Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері[4)]*:*				
- әскери полиция:				
а) жеңіл автомобилдер және автобустар;	*Ашық-сұр*	*505, 513*	*Ашық-көгілдір*	*404, 407*
	«Ақ түн»	*858, 859*	*Көгілдір 451*	*451, 452*
б) жүк автомобилдері:				
- шанақ	*Байқатпайтын*	*760, 761*	*Жоқ*	*-*
- кабина	*Ашық-сұр*	*505, 513*	*Ашық-көгілдір*	*404, 407*
- әскери полиция автомобилі	*Ашық-сұр*	*505, 513*	*Ашық-көгілдір*	*404, 407*
	«Ақ түн»	*858, 859*	*Көгілдір 451*	*451, 452*
3 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:				
- өртке қарсы қызмет	*Қызыл* *Қызыл 42*	*9, 11* *42, 43* *42, 44*	*Ақ*	*жоқ2)*
Қазақстан Республикасының	*«Ақ түн»*	*858, 859*	*Қызғылт-сарыб)*	*101, 102* *121, 128*

азаматтық қорғаныстың әскери бөлімшелері, құрылымдар және кәсіби апаттық-құтқару қызметтері5)				
4 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:				
- медициналық жедел жәрдем	*Лимонды*	*жоқ[3)]*	*Қызыл*	*9, 11*
	Ақ	*жоқ[3)]*	*Қызыл 42*	*42, 43* *42, 44*
5 Апат қызметтер	*Алтын-сары*	*287, 288* *285, 286*	*Қызыл*	*9, 11*
	Сары	*230, 231*	*Қызыл 42*	*42, 43* *42, 44*

[1)] Лак-бояу материалдардың түстер үлгісінің Картотекасы бойынша түстің нормасы (№_____ коды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшеу құралдарының тізілімінде тіркелген);

[2)] Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери автомобил полициясы және ішкі істер мекемесінің көлік құралының негізгі түсі ретінде көлік құралын кәсіпорын-жасаушысының бояу түсін қолдануға рұқсат етіледі.

[3)] Түстің нормасын белгілейтін, бақылау үлгі-эталоны бар;

[4)] Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полициясының бас басқармасының рұқсатымен жеңіл автомобильдердің бүйір беттеріне сәндік жолақтары мен айырым белгілері жүргізілуімен көлік құралын кәсіпорын-жасаушы бояуында қалуы мүмкін;

[5)] Жол полициясы рұқсатымен жеңіл автомобилдер бүйір беттеріне сәндік жолақтарының жүргізілуімен көлік құралын кәсіпорын-жасаушы бояуында қалуы мүмкін және айырым жазулары болмауы мүмкін;

[6)] Төтенше жағдайлар кезінде болдырмау және жәрдем мен азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің көлік құралдарында қызғылт-сары жолақ симметриялық өсінің көлденеңіне қосымша сәндік жолақ ені бөлігінің көп дегенде 1/3 енімен, 451, 452 нормалы түсті көгілдір жолақ жүргізіледі.

4.2.3 Сәндік жолақ жүргізу үшін лак-бояу материалдар, жабысатын қабыршақтар, соның ішінде және жарық қайтарғыш жабынымен *(Түр 1, Түр 2, Түр 3, Б қосымшасын көру)* 1-кестеде көрсетілген, түс нормасына сәйкес, ал түс нормасы жоқ кезінде – бақылау үлгі-эталонына сәйкес қолданады.

4.2.4 Жүк автомобильдерінің және автобустардың бүйір беттеріне жүргізілген, сәндік жолақтардың ені, 150 ден 230 мм-ге болуы керек. Жеңіл және жүк-жолаушы автомобильдерінің бүйір беттеріне жүргізілетін, сәндік жолақ енін көрсетілген беттердің кескін үйлесім есебімен анықтайды.

4.2.5 Көлік құралының алдыңғы және артқы бөліктеріне оның көлденең өсіне қатысты симметриялы жүргізілген, екі параллель сәндік жолақтың әрқайсысының ені, сәндік жолақ арасындағы (90 ± 5) мм қашықтығымен 120 дан 180 мм-ге дейін болуы керек.

4.3 Ақпараттық жазулар және айырым белгілері

4.3.1 Негізгі түсі бар, көлік құралдарының беттеріне жүргізілетін, ақпараттық жазулар және айырым белгілер (эмблемадан басқа), ақ түсті – қарама-қарсы түсі бар, сәндік жолақ пен панельдерде, қарама-қарсы түсті болуы керек. Ақ түсті сәндік жолақ пен панельдерде белгілер және жазулар негізгі түсті болып орындалады.

4.3.2 Жедел қызметтердің, көлік құралындағы айырым белгілер және жазулар мазмұны 2- кестеге, ал Ішкі істер министрлігі, Әскери полиция, Төтенше жағдайлар министрлігінің эмблемасының бейнесі – В қосымшасына сәйкес келуі керек.

2 Кесте – Жедел қызмет көлік құралының айырым белгілері және жазулары

Жедел қызмет түрі	*Белгілер, жазулар, эмблемалар*
1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:	
- жол полициясы	*«Жол полициясы», автомобилінің сандық белгісі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің эмблемасы [1)]*
- полиция	*«Полиция», автомобилінің сандық белгісі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің эмблемасы [1)]*
- патрульдік полиция	*«Патрульдік полиция», автомобилінің сандық белгісі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің эмблемасы [1)]*
- жылжымалы криминалистикалық зертхана	*«Жылжымалы криминалистикалық зертхана», автомобилінің сандық белгісі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің эмблемасы [1)]*
- қозғалыс қауіпсіздігі қызметі	*«Қозғалыс қауіпсіздігі қызметі», автомобилінің сандық белгісі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің эмблемасы [1)]*
2 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері:	
- әскери полиция;	*«Әскери полиция» эмблемасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміз элементі[2)]*
- әскери автомобильді полиция	*«**Әскери автомобильді полиция**», «Военная автомобилная полиция», эмблемасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміз элементі[2)]*
3 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:	
- өртке қарсы қызмет;	*Өрт бөлімінің нөмірі, қала аты, автомобильдің әріптік-цифрлы белгіленуі, Төтенше жағдайлар министрлігінің эмблемасы[3)]*
- құтқарушы қызметтер;	*Төтенше жағдайлар министрлігінің эмблемасы[3)]*
- азаматтық қорғаныстың әскери бөліктері	*Төтенше жағдайлар министрлігінің эмблемасы3)*
4 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:	
- медициналық жедел жәрдем	*«Медициналық жедел жәрдем», «Скорая медицинская помощь», «03», емдік-сақтандыратын мекеменің аты, гараж нөмірі, эмблемасы, «Қызыл крест» ГОСТ 19715 бойынша4)*
5 Апат қызметтері	*«Апат қызметі», «Аварийная служба», ұйым (мекеме) аты*

[1)] Эмблема бейнесі және өлшемдері, және қосымша белгілер мен жазулар номенклатурасы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бекітіледі;

[2)] Жеңіл автомобиль капотына түсірілетін, эмблема бейнесі және өлшемдері, және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміз элемент өлшемдері (күн астында ұшқа, бүркіт), Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер әскери полиция бас басқармасымен анықталады;

1 кестенің соңы

[3] Эмблема бейнесі және өлшемдерін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі анықтайды; *[4] Қосымша белгілер және жазулар номенклатурасы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігі мекемелерімен анықталады. Автомобил төбесінде «Қызыл Крест» эмблемасының бейнесі шанақтағы сәндік жолақтың ашықтығынан аз дегенде ашықтықты және аз дегенде 400 мм жақты квадратқа сәйкес, өлшемдері болуы керек. Медициналық жедел жәрдем және апат қызметі ұйымының (мекемелерінің) автомобилдерінде емдік-сақтандыратын мекеме атының жазулары сәндік жолақ астында орналасуы керек.*

4.3.3 Жедел қызметтер көлік құралында, күннің қараңғы кезінде ортақ көлік ағынынан оларды айыру және бөлуін жақсарту мақсатында, айырым белгілер (рет нөмірлері, цифрлы белгілеулер), қызметтер атының жазулары және көлік құралының қалаға, ұйымға немесе мекемеге жататындығы және т. б., бүйірінде орналасқан, эмблемалар жарық қайтарушы материалдардан (Түр 1 немесе Түр 2, Б қосымшасын көру) жасалуы мүмкін.

4.3.4 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Әскери полиция, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміз элементі эмблемаларының, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі эмблемаларының орналасу орындары, және де сәйкес жедел қызметтер автомобилдерінде айырым белгілерін және жазуларын жүргізу орындары А қосымшасында келтірілген, түсті графикалық сұлбаларға сәйкес келуі керек.

4.3.5 Медициналық жедел жәрдем автомобилдерінің төбесінде қосымша эмблема бейнесін – симметрия өсінің көлденеңінде, оның үстінен көруін қамтамасыз ететін «Қызыл Крест» жүргізеді.

4.3.6 Жазулар мемлекеттік тілде орындалуы керек және орыс тілінде қайталануы мүмкін. Қазақ және орыс тілінде жазулар үшін цифр мен әріп жазуы – Г қосымшасымен немесе ҚР СТ 1125 (В қосымша) бойынша сәйкес болуы керек.

«Жол полициясы» немесе «Полиция» деген жазулар автомобильдің екі жағынан бүйір есіктерінде сәндік жолақтың симметриялы өсінің көлденең жүргізіледі, ал артынан жазу екі көлемді шанақ түрлі автомобилдерде әмбебап (универсал), фургон немесе «хетчбэк» және вагон түрлі шанақпен жүргізіледі.

«Әскери полиция» немесе «Әскери автомобильді полиция» деген сөздер автомобиль есіктерінде мемлекеттік (жүргізуші жағынан) және орыс (автомобилдің оң жағынан) тілде жүргізіледі.

4.3.7 Г қосымшасы бойынша *немесе ҚР СТ 1125 (В қосымша) сәйкес* минимальды қаріп биіктігі 60 мм болуы керек. Әріп және цифр биіктігі көлік құралының түріне байланысты келтірілген бейнеге пропорционал үлкейтілуі мүмкін.

5 Жабындарға қойылатын талаптар

5.1 Эмальдар

5.1.1 Автобустан және жүк автомобилдерінен басқа, жедел қызметтер көлік құралдары, жоғарғы температуралы кептірілетін (120°С тан 145 °С дейін) автомобильдік синтетикалық эмальдармен негізгі түске боялуы керек. Жөндеу кезінде олар төмен температуралы (60 °С тан 80 °С дейін) және ауада (20 °С) кебетін синтетикалық эмальдармен боялуы мүмкін.

Автобустар және жүк автомобилдері төменгі және ауада кебетін эмальдармен боялуы мүмкін.

5.2.2 Қажет түстерді алу үшін эмальдардың әр түрлі маркаларын араластыру арқылы алуға рұқсат етілмейді.

5.2 Лак-бояу жабындар

5.2.1 Көлік құралының сыртқы беттерінің лак-бояу жабындары сыртқы көрінісі бойынша ГОСТ 9.032 бойынша II дәрежеден төмен болмауы керек.

5.2.2 Бояу әдісімен түсті графикалық сұлбаларды жүргізу кезінде эмальдардың әртүрлі түсті тіркесу (контур) сызықтары нақты және түзу болуы керек. Эмалдың ағуы болмайды. *Эмалдардың әртүрлі түсті тіркесу (контур) қисықтығы көп дегенде 1 м тіркесу ұзындығына 1 мм рұқсат етілді.*

5.2.3 Бояйтын беттерге, лак-бояу және қабыршақ материал маркаларына қойылатын техникалық талаптарды және де олардың жүргізу (бояу, жабыстыру, аппликация, декалькомания, жібекті графия және т.б.) тәсілін жедел қызметтер көлік құралдарына техникалық құжаттарында орнатады.

5.2.4 Лак-бояу материалдарды қолдана отырып, түсті графикалық сұлбаларды жүргізген кезде ГОСТ 12.3.005 талаптарын сақтау қажет.

6 Арнайы жарықтық және дыбыстық белгілерге қойылатын талаптар

6.1 Белгілермен жабдықталуы

6.1.1 Жедел және арнайы қызметтер көлік құралдары арнайы жарықтық және дыбыстық белгілермен, нормативтік құқықтық актілермен анықталған, ретте жабдықталады.

6.1.2 Арнайы жарықтық және дыбыстық белгілерді беруге арналған құрылғы Қазақстан Республикасының аккредиттелген сәйкестікті растау орталықтарында сәйкестікті мақұлдау рәсімін өтуі керек.

6.1.3 Жалтыл жарық көлік құралының төбесіне немесе оның үстінде орнатылуы керек. Бұл кезде жарық шығару көзінің ортасы арқылы өтетін, көлденең жазықтықтағы арнайы жарықтық белгінің көру бұрышы, 360° тең болуы керек.

Көлік құралының басқа орындарында жалтыл жарықтарды орнатуға рұқсат етілмейді. Жалтыл маякты орнату әдістері көлік құралының қозғалуының бар режимінде және тежеу кезінде оның бекітілуінің сенімділігін қамтамасыз етуі керек.

Ескертпе

1 Бір көлік құралына бір жалтыл маяк көбірек орнату рұқсат етіледі.

2 Жүк автомобилінің шассиіндегі көлік құралдары үшін, және де көлік құралы колоннасын шығарып салуын қамтамасыз етуші, Жол полициясы, Президентті қорғау қызметі және Әскери автомобильді полиция көлік құралдары үшін, көлік құралының алдыңғы бөлігі жағынан оны көру шартында, 180° дейін жалтыл жарық тың көру бұрышын азайтуына рұқсат етіледі.

6.1.4 Осы стандарттың талаптарына жекеше әр құрылғының сәйкестігін қамтамасыз ететін шарт кезінде арнайы дыбыстық белгінің дыбыс шығарумен жалтыл жарықты конструкциялы түрде бір корпусқа біріккен түрін қолдануына рұқсат етіледі. Бұндай біріккен құрылғылар көлік құралының төбесінде орналасуы және бір басқару блогының көмегімен қозғалысқа келуі керек.

6.1.5 Арнайы дыбыстық белгінің дыбыс шығаруын көлік құралының алдыңғы жағында капот астындағы кеңістікте орналастыру рұқсат етіледі.

6.1.6 Басқару блоктарын көлік құралы салонында (кабинада) арнайы жарықтық және дыбыстық белгілермен беру үшін құрылғылармен орнату кезінде ішкі пассив қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптар орындалуы керек.

6.2 Арнайы жарық белгілерінің колориметриялық айрықшаланулары

6.2.1 Барлық түрдегі жедел қызметтер көлік құралдарының жалтыл жарықтары көк түсті болуы керек.

Президенттті қорғау қызметтері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ішкі істер мекемесінің, Әскери полиция және Төтенше жағдайлар министрлігінің көлік құралдарында көк түске қосымша қызыл түсті арнайы жарықтық белгісі қолданылуы мүмкін.

Ескертпе – Жол полициясының рұқсаты бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жедел автомобильдері қызыл түсті арнайы жарықтық белгісі болуы мүмкін.

6.2.2 Арнайы жарықтық белгілер түсі Д қосымшасында көрсетілген, колориметриялық шектерге сәйкес келуі керек.

CIE (ЖХК –жарықтандыру бойынша халықаралық комиссиямен) координата түсінде берілетін, шығарылатын жарықтың колориметриялық сипаттамалар, Д қосымшасында Д.3.1.2 көрсетілген, кернеу кезінде жұмыс істейтін, кеңес етілген жарық көзін қолдануымен бағалануы керек.

Ксенонды импульсті шамдар қолданылатын, арнайы ескертетін жарықтар жағдайында, балама ретінде түс координаттары қалпақпен өтетін, және де арнайы ескертетін жарықтың түсін өзгерте алатын, шағылыстыратын немесе өткізетін кез келген басқа күшіндегі оптикалық элементтермен, жарықтың спектрлі таралу негізінде алынуы мүмкін. Бұл жағдайда есептеуді Е қосымшасында көрсетілген, қатысты спектрлі таралумен жарық көзі негізінде жүргізіледі.

6.3 Арнайы жарық белгілерінің фотометриялық айрықшаланулары

6.3.1 Айналатын немесе қозғалмайтын (Т санатты) жалтыл жарықтардың тиімді жарық күші Д қосымшасында Д.1-кестесінің талаптарына сәйкес болуы керек және келесі бағыттарда арнайы жарықтық белгінің бастапқы өсінің айналуы 360° бұрыш шегінде анықталады:

- бастапқы өске перпендикуляр және арнайы жарықтық белгінің бастапқы ортасы арқылы өтетін, көлденең жазықтықта;

- Д қосымшада Д.1-суретте мәндері көрсетілген бұрышпен жоғарыда айтылған көлденең жазықтықпен жасаушылар құрайтын, айналу конустарында.

6.3.2 Бағытталған жалтыл жарықтардың (Х санатты) тиімді жарық күші Д қосымшасының Д.2 кестесінің талаптарына сәйкес келуі керек және Д қосымшасының Д.1 суретінде көрсетілген, бағыттарда өлшенеді.

6.3.3 Т және Х санатты түстердің арнайы жарықтық белгілерінің f жиілігі, «жарық беру ұзақтығы» t_H и «жыпылықтау ұзақтығы» t_D 3 кестеде көрсетілген, мәндерге сәйкес болуы керек:

-максималды жиілік f- 4 Гц;

-минималды жиілік f - 2 Гц;

-максималды жарық беру ұзақтығы t_H – (0,4/f)с

-минималды жыпылықтау ұзақтығы t_D - 0,1с

6.3.4 Егер Т санатты арнайы жарықтық айналатын немесе жалтыл белгі құрылғысы көп дегенде бір оптикалық жүйеден тұратын болса, онда Д қосымшасында Д.2.4.1-Д.2.4.4 талаптары сақталуы керек.

6.4 Дыбыстық белгілерге қойылатын талаптар

6.4.1 Арнайы дыбыстық белгінің негізгі жиілігінің өзгеру мүмкіндігі болуы керек. Негізгі жиіліктің өзгеруі 150 ден 2000 Гц дейін болуы керек.

6.4.2 Арнайы дыбыстық белгінің негізгі жиілігінің өзгеру циклінің ұзақтығы 0,5 тен 6,0 с дейін болуы керек.

6.4.3 Арнайы дыбыстық белгі беру кезінде, оның шығатын тесігінің жазықтығына перпендикуляр өс бойынша, 2 м қашықтықта өлшенген, белгі беретін құрылғының дыбыстық қысым деңгейі, төмендегілерден төмен болмауы керек:

116 дБ(А) – көлік құралының төбесінде дыбыс шығарушыны орнату кезінде;

122 дБ(А) – капот асты кеңістікте дыбыс шығарушыны орнату кезінде.

